

Жалағаш ауданының елді мекендерінде жануарларды ұстау Нұсқаулығын бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2010 жылғы 24 желтоқсандағы N 37-4 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Жалағаш аудандық Әділет басқармасында 2011 жылы 20 қаңтарда N 10-6-176 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2011 жылғы 20 маусымдағы N 43-4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2011.06.20 N 43-4 шешімімен.

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Кодексінің 3-бабының 2-тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтарындағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Жалағаш аудандық мәслихаты **ШЕШІМ Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған Жалағаш ауданының елді мекендерінде жануарларды ұстау Нұсқаулығы бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

			<i>Аудандық</i>	<i>мәслихаттың</i>
			<i>А. АБЖАЛЕЛОВ</i>	
			<i>К. СҮЛЕЙМЕНОВ</i>	
<i>XXXVII-сессиясының төрағасы</i>				
<i>Аудандық мәслихат хатшысы</i>				
2010	жылғы	24	желтоқсандағы	N 37-4
			Жалағаш аудандық	мәслихатының
			шешімімен	бекітілген

Жалағаш ауданының елді мекендерінде жануарларды ұстау Нұсқаулығы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық Жалағаш ауданының елді мекендерінде жануарларды ұстау (бұдан әрі-Нұсқаулық) "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Кодексіне, "Қазақстан

Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңына сәйкес
д а й ы н д а л д ы .

2.Осы Нұсқаулықта келесі ұғымдар қолданылады:

1) жануарлар - үй, жабайы, зоосаябақ, цирктік, зертханалық, сәндік, терісі бағалы, теңіз жануарлары мен басқа гидробионттардың, құстардың, аралардың, балықтардың барлық түрлері;

2) қадағалаусыз жануарлар - иесі бар және уақытша иелерінің қарауынан (бағуынан) шыққан малдар, иелері жоқ немесе иесі белгісіз және де иелік құқығынан иелері бас тартқан үй малдары;

3) мал - адам өсіретін ауыл шаруашылық өндірісіне тікелей қатысы бар ауыл шаруашылығы малы мен құсының барлық түрлері;

4) ветеринариялық құжаттар - уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау объектілеріне республикалық маңызы бар қаланың, астананың бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы және оның орынбасары, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы беретін ветеринариялық-санитариялық қорытынды, ветеринариялық сертификат; жануарға, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағындағы эпизоотиялық жағдай туралы аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органы бөлімшесінің ветеринариялық дәрігері беретін ветеринариялық анықтама;

5) ветеринариялық іс-шаралар - жануарлар ауруларының профилактикасын, оларды емдеуді немесе диагностикасын қоса алғанда, олардың пайда болуын, таралуын болғызбауға немесе оларды жоюға; жануарлар мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін аса қауіпті аурулар жұқтырған жануарларды залалсыздандыруға (зарарсыздандыруға), алып қоюға және жоюға; жануарлардың өнімділігін арттыруға; жануарлар мен адамның денсаулығын жұқпалы, оның ішінде жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғау мақсатында, бірдейлендіру рәсімін қоса алғанда, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың, жемшөп және жемшөп қоспаларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған эпизоотияға қарсы, ветеринариялық-санитариялық рәсімдер кешені;

6) ветеринариялық паспорт-жануарларды және ветеринариялық іс-шараларды есепке алу мақсатында малдың иесі, түрі, жынысы, түсі, жасы, жүргізілген ветеринариялық дауалаудың мерзімдері мен сипаты көрсетілетін уәкілетті орган белгілеген нысандағы құжат;

7) ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) ережелер-уәкілетті орган бекітетін, жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті болып табылатын ветеринариялық нормативтердің негізінде ветеринариялық іс-шараларды жүргізу тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық акт;

8) ветеринариялық-санитариялық сараптама-жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың, жемшөп пен жемшөп қоспаларының ветеринариялық нормативтерге сәйкес келуін уәкілетті орган белгілеген тәртіппен органолептикалық, биохимиялық, микробиологиялық, паразитологиялық, уыттық және радиологиялық зерттеулер кешені арқылы тексеру;

9) малдың иесі - жеке меншігінде немесе басқа меншікте малдары бар жеке немесе заңды тұлға;

10) жануарларды ұстау - ветеринариялық-санитариялық нормаларды сақтау кезінде малдардың өмірін, денсаулығын сақтау үшін, ветеринарлық санитарлық нормаларды сақтай отырып толық құнды төл алу және де жалпы тәртіп пен азаматтар мен жануарлар әлемінің өкілдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мал иелерімен жасалатын іс-әрекеттер;

11) жануарлардан алынатын өнімдер - ет және ет өнімдері, сүт және сүт өнімдері, балық және балық өнімдері, жұмыртқа және жұмыртқа өнімдері және де бал арасы өнімдері;

12) жануарлардан алынатын шикізаттар - тері, жүн, қыл, қылшық, аң терісі, түбіт, мамық, қауырсын, эндокриндік без, ішек-қарны, қан, сүйек, мүйіз, тұяқ, жануарларды азықтандыруға арналған және (немесе) өнеркәсіпте пайдаланылатын жануарлардан алынатын басқа да өнімдер.

3. Жануарларға және адам денсаулығына ерекше қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарды алып қою және жою Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Осы Нұсқаулықтың күші Жалағаш ауданындағы заңды және жеке тұлғадағы жануарлар иелеріне таралады.

2. Малдарды тіркеу тәртібі

5. Меншік түріне қарамастан заңды және жеке тұлғалар меншігіндегі малдардың барлық түрлері жануарларды бірдейлендіру тәртібімен ветеринариялық ұйымда тізімдік есепке алынып, тіркеу барысында иелеріне ветеринарлық паспорт беріледі.

6. Малдарды тіркеу бірдейлендіру жолымен іске асырылады. Малдарды бірдейлендіру қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамалары мен халықаралық стандарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

7. Тіркелген малға ветеринариялық паспорт рәсімделіп, бірдейлендіру нөмірі

б е р і л е д і .

8. Малды тіркеу және қайта тіркеу кезінде мал иесі келесі құжаттарды тапсырады :

иесінің жеке тұлғасын растайтын құжат;
мекен - жайы, телефоны;
мал туралы мәлімет (тұқымы, жынысы, атауы, жасы, түсі, түрі, ерекше белгілері немесе малдың сипаты).

9. Жаңа әкелінген малға тіркеу жүргізіледі. Малды сату және (немесе) басқа қолға тапсыру ветеринариялық паспортты бірге берумен жүргізіледі.

10. Мал өлген жағдайда малдың ветеринариялық паспорты ветеринариялық ұйымға қайтарылады .

11. Тіркеу органына есептен шығару немесе қайта тіркеу мақсатында шығып қалу туралы (сату, жоғалу, сою, өлу, басқа қолға тапсыру) хабар беріледі.

3. Жануарларды ұстау және бағу

12. Тіркелген жануарлар иесінің меншігі болып табылады және кез-келген меншік ретінде заңмен қорғалады.

13. Иесінен жануарлар тек соттың шешімімен немесе Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы қолданыстағы заңнамасында қаралған жағдайларда ғана алынады.

14. Жануарлар иесі :

1) жануарлар иелерінің қоғамында, ветеринариялық ұйымдарда жануарларды ұстау, өсіру туралы қажетті ақпарат алады;

2) малдарды бірдейлендіруді қамтамасыз етеді, ветеринариялық іс-шаралардың жүргізілуі үшін қажетті жағдай жасайды, қажетті ветеринариялық іс-шараларды жүргізілу кезіндегі мемлекеттік ветеринарлық қызмет мамандарының нұсқамаларын орындайды;

3) малдың бірдейлендіру нөмірі жоғалған жағдайда мал иесі жоғалған нөмірді қалпына келтіру үшін тиісті ветеринариялық ұйымға хабар береді;

4) ветеринариялық (егу және серологиялық зерттеу) және ветеринариялық ережелерді сақтай отырып жануарлардың ауруларының алдын алуын қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген әкімшілік-шаруашылық шараларды іске асырады;

5) малдың ауруларының алдын алу мен емдеуін уақытында іске асыру, малдың ауруының барлық жағдайында немесе ауруға күдік туған кезде тез арада ветеринариялық ұйымға хабарлап, тексеру қорытындысы бойынша маманның нұсқамаларын орындайды ;

б) ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) ережелер мен нормаларға

сәйкес жануарларды ұстау, өсіру және қолдануды іске асырады;

7) жануарлармен қоршаған ортаға қауіп төндірмеуді, жеке және заңды тұлғалардың мүліктеріне зиян келтірмеуді қамтамасыз етеді;

8) адамды тістеу мен дене жарақатын салу кезінде жараланған адамға алғашқы медициналық көмегін көрсетеді және тиісті медициналық орындар мен ветеринариялық ұйымдарға хабарлайды;

9) малдардың оқыстан өлуі, бір уақытта бірнеше малдардың ауруы немесе олардың ерекше мінездері туралы ветеринариялық мамандарға хабарлайды, ветеринариялық мамандар келгенге дейін ауруға күдікті жануарды оқшаулауға, ауруға күдікті жануардың өлігін сақтауға шара қолданады;

10) ветеринариялық ұйым мамандарының арнайы талаптары бойынша қарауға, диагностикалық зерттеулерге, емдеу-алдын алу шараларын жүргізуге, егу, вакцинациялауға жағдай жасайды;

11) малдарды союды мал дәрігері қарағаннан кейін мал союға арналған арнайы аумақтарда жүргізеді;

12) мал өліктерін ветеринариялық мамандар қарағаннан кейін мал қорымдарында көмеді (жояды);

13) малдарды бағу үшін жинайтын орынға дейін апарып, алып келуді қамтамасыз етеді.

15. Елді мекендердің ауа кеңістігі арқылы дала құстарының ұшу маусымында үй құстары жұқпалы аурулар көзі болдырмау мақсатында ұшу құстарымен қатынасты болғызбай жабық бөлмелерде ұстау қажет.

16. Жануарларды мектепке дейінгі мекемелерінде, мектептерде және басқа оқу орындарындағы зообұрыштарда ұстау ветеринария саласындағы өкілетті органның және санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау органдарымен келісе жүргізілуі қажет.

17. Ара шаруашылығымен айналысатын заңды және жеке тұлғалар өз омарталарын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, орналастыру қажет.

4. Жануарлар иелерінің осы Нұсқаулықты бұзғандығы үшін жауапкершілігі

18. Осы Нұсқаулықты бұзған жағдайда жануарлар иелері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК